

үлкен жүректі азамат, шынайы талан иесі екенін украиналықтар да мойындаған болатын. Сонау сұрапыл соғыс жылдардағы соғыс майданының жауынгері, одан кейінгі жылдардағы әдебиет майданының майталман өкілдерінің бірі - Кемел Тоқаев жазушылық кемел шағында дүниеден өтіп еді. Оның қалдырған мол мұралары әдебиетіміздің тілегей-теңіз шалқарына қосылған рухани байлық екені даусыз [8, 8]. Демек, қазақ тарихындағы ұлан-байтақ жерімізді білектің күшімен, найзаның ұшымен, ақылдың амалымен сақтап, бізге жеткізуге үлес қосқан бабаларымыздың есімдері алтын әріппен жазылатынына ешкімнің шүбәсі жоқ болар деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. //«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір.
2. Егемен Қазақстан. //Ұлт тарихы – ұрпаққа өнеге. 2015 жыл. 23 сәуір.
3. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. //Астана: «Ана тіл – Ана тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., -2007 – 272 б.
4. Жайлаубаев Ж. Тағылым. //Жетісу газеті. № 131(17113) Алматы: 2008. – 22 қараша. - 3 б.
5. Есен Ж. Қазақ детектив жанрының тұңғыш қаламгері. //III Халықаралық Фараби оқулары. Алматы: 2016. - 12 сәуір. - 21-22 Б.
6. Мұқай Б. Жұмбақ жан. // Парасат журналы № 4 Алматы: 2003. - сәуір - 22-23 Б.
7. Қадыр Мырза Ә. Жазушы мұраты. // Егемен Қазақстан газеті № 97(25494) Алматы: 2009. - 12 наурыз - 4 б.
8. Қайсенов Қ. Кемел кемел шағында еді. // Қазақ әдебиеті газеті № 49 (2627) Алматы: 1999. - 3 желтоқсан - 8 б.

ӨОЖ 94 (547)

ТАРИХИ ШЕЖІРЕДЕ АТЫ АНЫЗҒА АЙНАЛҒАН ЕР-ҚАПТАҒАЙ ТУЛҒАСЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ТАЛДАУ

Шакуова Мадина Сералықызы

madina.shakuova@bk.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің тарих факультеті

5В020300 – «Тарих» мамандығының 4 студенті

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д. Алпысбес Мақсат Алпысбесұлы

Бұл мақала аты аңызға айналып, дүйім жұртқа ұран болған Ер-Қаптағайға және оның найман шежіресіндегі ата-тегіне арналған. Тарихи шежіреге жүгінсек, Қаптағайдың ата-тегі насабанамаларда айқын таратылады: найман – Орта жүздің алты арысының бірі екені ел-жұртқа мәлім. Найман – шежіреде адам аты әрі ру-тайпа аты ретінде аталады. Сонымен, Найманнан туған Белгібай, ал оның лақаб аты Өкіреш делінеді. Белгібайдан туған – Сүйінші, Сүгірші, Өтеген. Сүйіншіден – Төлегетай, немесе, кейбір шежірелерде Төлек атай делінеді. Төлегетайдан Қытай, немесе Қынтай, Қытайдан – Қаракерей, Матай, Садыр және Төртуыл болып тарайды. Қытай болса небәрі 36 жасында қайтыс болған делінеді. Оның балалары Төлегетай қолында өседі. Сол үшін ол төртеуін Төрт Төлегетай немесе Төлегетайдың Төрт Бөрісі деп лақапқа шығарған. Ал Матай болса, Аталық, немесе Келдәулет, Қаптағай, немесе, Біржігіт, және Кенжеғ, немесе Избасар атасы. Үлкен Жетісу өлкесінде жарыққа шыққан найман шежірелерінде, Матайдан Аталық, немесе Келдәулет, Қаптағай, немесе Келмәмбет иә Жандәулет, және Кенже, немесе Жүзжігіт тарайды деп көрсетеді. Шежіре нұсқаларының көбісі осыны құптайды.

Ер Қаптағай Қазақ хандығы мемлекетінің алғашқы хандарының бірі Өз-Жәнібектің батырларының бірі болған деседі. Хан Бұрындықтың қызметінде болып, хан Қасымның қасында да болған. Демек ол өз кезінің хан-батырларының бірі әрі бірегейі бола білген

айтулы тұлға, әрі найман жасағының бас қолбасшысы. Қазақ хандығын нығайту жолында атқарған ерліктері арқасында аты бүкіл найманның ұранына айналған.

Найман барша аталарының байырғы атамекені, өсіп-өнген өлкесі, ата-тегіне аз-кем тоқталсақ, Найман – ежелгі түркі ұлыстың бірі. Ерте кезде Ертіс өзені мен Орхон өзені аралығын мекен еткен түркі сегізозы одағы ретінде аты жарыққа шыққан. VIII ғасырдың орта шенінде жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында, Хангайдан Тарбағатайға дейінгі жерді алып жатқан. Осынау ұлан-ғайыр даланы мекендеп, Найман хандығы мемлекетін құрып, артынан Шыңғыс қаған билігіне 1204 жылы қарады. Шыңғыс қаған қолы 1205 жылы Бұқтырма бойында найманмен соғысып, олардың жасағын шайқаста ту-талақай етті. Ендігі бір бөлігі меркітпен қосылып, Сарыарқаға қозғалып, бір бөлігі Күшліктің соңында Жетісуға, Шу өзені бойында қара қыдан Гүр ханға келеді. Енді бір тарихи дерек бойынша, хан Күшлік бастаған найман Жетісу жеріне аяқ басқан. Гүр хан тағын тартып алған Күшлік, найман мен меркіт дала мен қаласы, тіпті Қашқар, Хотан және Ақсу аймағына мекен жайған.

Шоқан Уәлиханов Алай тауында көшіп-қонып жүрген найман туралы жазғанда, олар бір бөлігі қырғыз құрағанын, өздерін Қырғызбай деген атадан тарататын қыпшақ, найман және қытай руларын қырғызға кірме ру деп көрсетеді. Қырғыздың өзіне Қырғызбай деген ат қоймайтыны белгілі, оның үстіне қырғызды Шоқан бурут деп атайды. Бұл аттың өзі-ақ найман, қыпшақ және қытай сынды қазақ руларының қырғыз одағына өздерінің рулық аттарын сақтап сіңіп бара жатқанынан дерек береді. 1245 жылдың 30 қара-шасында атақты саяхатшы Плано Карпини мен Гильома де Рубрик Қойлық қаласынан шығып найман мекені – Алакөл, Тарбағатай тауларына барғанын жазған. Арада екі ғасыр өткен соң найманның бір шоғыры Сыр өзені бойынан табылған. Бұған Қазақ хандығы мемлекеті құрылғанда, оның құрамында найман болған.

1530-1550 жылдары найман Жолым би Мерв қаласының әміршісі, ал 1570-1580 жылдары найман Назар бидің Балх қаласын билеген. Найман Ахмет Әлі аталық Нұраталық көшпенділерді басқарып, Жармұхаммед Найман Йағқуб Чархидің «Тапсир-и калам-и раббани» («Жаратушының сөздеріне түсіндірме») атты еңбегінің көшірмесін жасады. Жандәулет бидің аталық қызметін атқарып, міне осының барлығы тарихи дәлел болады. Осынау ұлан-ғайыр даланы мекен еткен найман қауымынан қас батырлар, аузы дуалы билер, ділмар шешендер мен айтулы әншілер шыққан.

Кейде Қаптағайдың шын аты Қолдас еді деушілер де кездеседі. Азан шақырып қойған аты мейлі Келдәулет, Жандәулет немесе Қолдас болсын, ол кісінің елге танылған есімі — Қаптағай. «Қаптағай» деп моғұлша жабайы түйенің бурасын айтады. Өте қаһарлы, шамкөс жануар. Көне түркілерде, әсіресе, наймандаа батырларын Бұқа, Бура, Қаптағай, Қабан, Барақ, Төбет деп атайтын үрдіс болғанын байқаймыз. Қас батырларды осылай атау себебі, біріншіден, жауға айбат көрсету, ал, екіншіден, батырларды анталаған жаудан құпия ұстау үшін керек болған. Көнекөз қариялардың айтуынша, жауға шабуылдап шыққан жас жігіт «Қаптағайлап!» ұрандатқан. Сол ұранмен жау шебін тас-талқан етіп, жеңіске жеткен. Сол шайқастан соң ел-жұрты батырды Қаптағай атап кеткен, - дейді. Қаптағай батыр бабаның жанама аты екені байқалады.

Қазақ шежірелері мен тарихи жыр-дастандарда жоғарыдағы ата-бабалар айтудай-ақ айтылады. Бірақ, тарихи дерек көздерінде Өкіреш баба бейітінің Өзбекстанның Самарқан қаласы түбінде екендігі, оған өзбек наймандарының 1988 жылы белгі қойған екен, ал қалған тұлғаларға қатысты ешқандай тарихи мәлімет кездеспейді. Сүйіншінің ұлы, Қаптағайдың атасы – Төлегетай туралы тарихи мәлімет аз кездеседі. М. Тынышпаев өзінің 17-атасы болып келетін Төлегетай найман көшбасшысы және аса беделді тарихи тұлға болған деп атайды.

Қылыш қожаның қызына үйленіп, Самарқанның әкімі әрі сонда медресе салдырған алшын Жалаңтөс батыр қожаның қызын алмақшы болғанда, қожалар қызын қожадан өзге бөтенге бермеу дәстүрі бойынша Жалаңтөске қызын бермейді екен. Сонда Жалаңтөс сіңірген еңбегі жағынан Төлегетай мырзадан кем еместігін көлденең тартады. 1630 жылы оның немересі Ерторының әйгілі Еңсегей бойлы Ер Есім ханның замандасы болғаны, Төлегетайдың XV ғасырда өмір сүргенін көрсетеді. Екіншіден Төлегетай мен Қылышты

қожаның бір жерге жерленуі, бастарына тамнан күмбез тұрғызылғаны, оларды тәу етушілердің күні-бүгінге шейін сарқылмауы, ол да дәлел. Төлегетай ұрпақтарының қор құрып, бабаның Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы аумағында көне күмбезі орнына осы заманғы сәулет өнеріне сай кесене тұрғызылып жатқанын, «Айғақ» газетіне 2005 жылы сұхбат беріп хабарлады.

Төлегетайдың ұлы Қаптағайдың атасы Қытай би туралы. Қытайдың атасы Сүйінші байырғы аталардың есімін жаңғыртып, ұрпағына Қытай деп ат қойған болуы тиіс. Үлкен Жетісу өлкесінде тұрып жатқан найман қауымдарының өзі миллионнан асып жығылады. Қазақстанда тұратын мөлшермен бір млн ұрпағын қосса, екі млн бір атаның баласы болып шыға келеді. Есеп жүргізсе, бұдан көп болып шығуы тиіс. Шежіреші Қ.Қанапияұлының пайымдауынша, Қытай жас кезінен шаужай қағынды көрмей ер болып есейіп, әкесінің жолын қуып он сегіз жасында Қытай би атанған. Қытай баба қалыңдық таңдап жүріп 25 жасында қырғыз қызы Мазбураны алады. Арғын Айман батырмен аң аулауға шыққанда өз бүркіті өзіне түсіп, мерт болады деседі. Н.Оспанұлының пікірінше, Қытай бір соғыста қаза тауып, оның төрт баласы Төлегетайдың қолында ержетеді. Сөйтіп «төрт Төлегетай» аталған. Тарақты Ақселеу Жезқазған өңіріндегі Қаражал қаласының түбіндегі Қытай деп аталатын жерді Төлегетайдың баласы Қытайдың құрметіне қойылған атау деп қарайды. Сүйінші мен Сүгірші ұрпақтарының бір бөлімінің Жоңғар шапқыншылығына дейін осы Қытай маңындағы Ақтау, Қызылтау, Атасу өзені өңірлерін мекендегенін тарихи дерек ретінде алға тартады. Енді Қытай бидің ұлы, Қаптағайдың әкесі – Матайды атайық.

Алматы облысында екі бірдей елді-мекен мен бір тау аты Матай деп аталады. Нақтысы, Іле өзенінің солтүстігіндегі үлкен таудың Матай тауы тарихи айғақтың бірі. Ол тау жөнінде аңыз әңгіме ел аузында да баяндалады: «Іле өзенінің оңтүстігіндегі теріскей Алатаудың Шелек өңіріндегі тұсында Бақай атты биік тау бар. Бұл тауды албан руының Бақай атты батыры мекендепті. Іле өзенінің солтүстігіндегі күнгей Алатаудың Шелекке тұспа-тұс келетін бөлігіндегі тау – Матай тауы аталады. Бұл тауды найман Матай батыр мекендепті. Бұл екі батыр бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болыпты. Іле өзені екі рулы елді бөліп тұрғандықтан бір-біріне жау тисе немесе бірін-бірі қонаққа немесе айтулы асқа шақыратын болса, тау басына от жағып белгі беретін болған. Егер қайсы таудың басынан бір жерден от шығып, түтін будақтаса, оларға жау тигенінің хабары болады екен. Бақай тауының басынан бір жерден түтін будақтаса, албан жағына жау тигенінің белгісі болып, матайлар көмекке келеді екен де, Матай тауының бір жерінен түтін будақтаса, матайға жау тиген болып, албан көмекке келеді екен. Ал тау басынан екі жерден от жанып, түтін будақтаса, сол өңірде үлкен ас немесе той болатынының белгісі екен».

Бұдан қазақтың руларының береке-бірлігі қандай күшті болғанын байқаймыз. Екінші жағынан Матай да жай адам емес, батыр болғанын, аңыз астарлы ақиқатты айтқанын байқаймыз. Шежіре деректері Матайдан үлкен ұлы деп Келдәулет би аталықты көрсетеді. Келдәулет әрі би әрі хан ордасында аталық, яғни, ханзадалардың тәрбиешісі болған кісі. Кейін келе лауазым атымен елге танымал болып, аталық болып аталып кеткен. Екінші ұлы – Келмәмбет те батырлығымен елге танылып, Қаптағай деген атпен тарих сахнасында қалған. Үшінші ұлы – Жүзжігіт Матайдың кенжесі болғаннан соң Кенже деген атты иеленген болса керек. Матайдың екінші ұлы – Ер Қаптағай еді.

Атақты жазушы Илияс Есенберлин «Көшпенділер» кітабында Қазақ хандығына дейін найман Әбілқайыр хан қол астында болғандығы, Қаптағай оның бас батыры іболғандығы баяндайды. Әбілқайыр хан жастай қайтыс болған ұлы – Шах Будақтың асын бергенде, Қаптағайдың немересі Қаражал батыр күрестен бас жүлдені жеңіп алған. Шах Будақтың 1451 жылы туылып 1460 жылы қайтыс болғанын есепке алсақ, бұл астың 1461 жылы өткені анықталады. 1465 жылыәз Жәнібек сұлтан мен Керей сұлтан Әбілқайыр ордасынан бөлініп шыққанда, олардың негізгі қолдаушыларының бірі – осы Қаптағай батыр бастаған найман елі болды. Қаптағайды найманның бас батыры, атан жілік балуан, айдаһарға қарсы барар жүрек жұтқан жан еді деп суреттейді. Осы еңбектің енді бір жерінде басқа батырлар сияқты ол мыңбасы емес еді деп, оның түменбасы екенін еске салады. Қасым сұлтанның Қаптағай

батырмен бірге Бұрындық ханның ордасына барып, Орақ батырды құтқарғаны, содан бір жыл өткеннен соң Қасым сұлтанның хан тағына отырғандығы жазылады.

Қасым 1511-1518 жылдары хандық құрды. Бұл оқиға 1510 жылдары болған сияқты. Жазушы Қ.Жұмаділов Қаптағай бабамыздың қабірінің Түркістан өңірінде, ежелгі Сауран қамалының түбінде жатқанын, 1993 жылы Түркістан, Сауран маңай тұратын ағайындар Қаптағай бабаның туғанына 500 жыл толуына ас бергенін баяндайды. Бұл дерек бойынша Қаптағай баба 1493 жылы туылған болып шығады. Бабамыздың туылған жылы туралы әлі де ізденуге тура келеді. Шейбани Әбілқайыр ханның ұлы Шах Будақтың асында 1461 жылы, Қаптағайдың немересінің жүлде алғанын ескерсек, Қаптағай бабамыз кем дегенде 50 жаста болып шығады. Осы деректі негізге алсақ, бабамыз 1411 жылдардың ар жақ-бер жағында туылған болып шығады. Қазақ хандығы құрылған 1465 жылы 54 жаста болады. Қасым хан таққа отырған 1511 жылы 100 жасқа келген болады.

Қаптағай баба қайтыс болған жылы туралы да тиянақты зерттеулер жүргізу керек. Қ.Алтынбаев «Сегіз арыс, тоғыз таңба» атты мақаласында бүкіл найманның ұранына айналған Матайдың екінші ұлы – Қаптағайды 1500 жылға таман қазақ қолының ұйғыр ханы Әбдірашитпен соғыста Еміл өзені жағасында қаза тапқан деп көрсетеді. Егер Қаптағай баба Моғұлстан ханы Әбдірашитпен болған соғыста қайтыс болуын есепке алсақ, онда бұл соғыс нақты қай жылы орын алғанын білу керек. Ұйғыр тарихшысы Сәбит Ұйғұри «Ұйғұрнама» атты еңбегінде Әбдірашит хан 1545 жылы қосын бастап келіп, Жетісу жеріндегі көтерілісші қазақ пен қырғызды аяусыз жаныштады деп жазады.

Дәл осы жағдайды Ильяс Есенберлин былай суреттейді: «1537 жылы өзбектің ханы Абдулла пен Моғұлстанның ханы Әбдірашит күш біріктіріп, қазақтардың жеріне шабуыл жасап, олардың жерінің бір бөлігін екеуара бөліп алды. Қазақтың бір бөлігі Сарыарқа даласына қарай ығысты». Сөйтіп, И. Есенберлин Әбдірашит пен Абдолла хандарды қазақ жеріне сырттан келген басқыншы ретінде көрсетеді. Әрине, бұл көзқарасты құптауға тұрады. Шыңғыс хан заманынан бұрын да, кейін де Алтай, Тарбағатай тауларын, сондай-ақ Жетісу жерін қазақтың мекен еткені, оның ішінде Төлегетайдан тарайтын найманның ата-мекенінің осы өңір болғандығын шет ел, орыс және қазақ тарихшылары бірауыздан мойындайды. Сондықтан, Сәбит Ұйғұри мырза алдымен кітаптарды оқып шықса, сонан соң барып айтар уәжін айтса, дұрыс болар еді.

Өзбек ханның қол астында болған Қашқардың әміршісі Әбдірашиттің қазақ даласына үстемдік жүргізуі мүмкін емес. Қашғар тараншы, сарттардың тарихтағы түрік руларының ұйғыр одағына еш қатысы жоқ. 1537 жылы болған соғыста Ер Қаптағай баба шайқаста қаза болған болса, онда ол 1537 жылы қайтыс болған болып шығады. Шайқастың болған жері Тарбағатай тауы өңірінде, Еміл өзені бойында болды деген Қ.Алтынбаевтың пікірін құптауға келеді, себебі Тарбағатай тауы ежелден найман, оның ішінде матайдың байырғы атақонысы болған.

Тарихшы-географ ғалым М.Серікбаевтың пайымдауынша, 1777 жылғы орыс картасы Жетісу Алатауының шығысын Қаптағай тауы деп көрсеткен. 1887 жылы жарық көрген Мүшкеновтың картасында қазіргі Жоңғар қақпасы – Қаптағай бекеті деп жазылған. Семенов-Тянь-Шанскийдің 1913 жылғы «Ресей» картасында Қаптағай бекеті делінген. Жетісу Алатауының оңтүстігінде Қаптағай деген өзен де бар. Шыңғыстаудың атының өзі ертеректе Найманкүре екендігін еске аламыз. Шежіреші ақсақалдар Шыңғыстаудың биік шоқысы найман биігі деп аталатынын айтқан. Осыған қарап 1537 жығы соғыстан ығысқан наймандардың бір бөлігі Шыңғыстауды біраз уақыт мекен еткен болуы керек. Шоқан Уәлиханов қазіргі қытайдың Алашанькоу темір жол бекеті орналасқан жердегі қытайдың байырғы қарауылын «Қаптағай» қарауылы деп өз еңбегінің үш жерінде анық көрсетеді.

Р.М.Закржевскийдің 1891 жылғы «Азиаттық Ресейдің оңтүстік шекара өңірінің картасы» еңбегінде Қытай қарауылының атын «Қаптағай» деп көрсетеді. Жоғарыдағы дәлелдердің барлығы қазіргі Тоқта тауын Қаптағай тауы деп көрсетсе, қытайдың қазіргі Алашанькоу темір жол бекеті орналасқан жерді Қаптағай бекеті деп көрсетеді.

Бұл жерлер Қаптағай баба атымен аталуы тарихи мәселе. Жоғарыда келтірілген тарихи құжаттар мен тарихи жыр-дастандардан байқайтынымыз, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» дейін матайдың ата-мекені қазіргі Тоқта (Қаптағай), Барлық (Қызай) таулары мен Алакөл маңы болғаны, осы таулар маңындағы Еміл өзені бойында Қаптағай баба Қашқардың әмірі Әбдірашитпен шайқаста қайтыс болған болса, онда баба сол маңға жерленген болуы тиіс. Матайдан тарайтын қаптағай Қаптағай тауын яғни, қазіргі Тоқта тауын мекен еткендіктен, батыр баба қазіргі қытайдың Алашанькоу темір жол бекеті маңына жерленген. Сол себепті баба жатқан жердің атымен сондағы қарауыл «Қаптағай» қарауылы аталған.

Қорыта айтқанда, қазақ шежірелері деректерінде айтылатын найман Ер-Қаптағай батыр тарихта болған тұлға екенін көреміз, және бұл тұжырым шежіре насабнамаларымен расталады.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ шежіресі хақында / Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. - Алматы : Атамұра, 2000. - 216 с.
2. Валиханов Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. – А., 1985. – Т.2. – С. 148-166.
3. Қазақ руларының шежіресі / Жауапты шығ.: Ж.С. Әбдіхалықов, Ж.Жағыпаров. – Целиноград.

ӘОЖ 94 (547)

ОРТА ЖҮЗДЕГІ ЕКІ ХАН САЙЛАУДЫҢ ТАРИХЫ

Ысқақов Алмаз Жексембайұлы

almaz.a.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің ІІ курс докторанты

Ғылыми жетекші – Мусабалина Г.Т

Абылай хан көзінің тірісінде өзінің мирасқоры етіп қалдыруға қазақ старшындарына Уәли мен Қасым сұлтанды ұсынған болатын. Бірақ Қасым сұлтанның турашыл айтқанынан қайтпайтын мінезінен қаймыққан қазақ ру-тайпа билеушілері жұмсақ мінезді Уәлиді хан етіп сайлайды.

Жалпы Абылайдың өзінен соң хан етіп ұсынған екі ұлынан бөлек басқа да хан болу құқығына ие сұлтандар болған. Солардың қатарына Әбілпейіз сұлтанды, Дайыр сұлтанды және Солтанмамет сұлтанды жатқызуға болады.

Оның негізін мына мәселерден іздеуіміз керек. Біріншіден, Абылай ханның өзі де 1769 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін Әбілмәмбеттің негізгі мұрагері болмаған болатын. Соған қармасатан халық бірауыздан мұрагерлік тәртібіне қарамастан Әбілмәмбеттің негізгі мұрагері Әбілпейізді сайламай, Абылайды хан көтереді [4; 116]. Сондықтан Әбәлпейіз сұлтанның Абылай өлген соң Әбілмәмбеттің негізгі мұрагері ретінде өзіне хан лауазымын сұрауға толықтай құқығы бар болатын. Екіншіден, Абылай өлген соң Уәли хан Әулетінен ең үлкені ол Абылайдың ағасы Сұлтанмамет сұлтан болатын. Сол Сұлтанмамет сұлтан да хан болу құқығына ие бола алатын еді. Үшіншіден, Барақ ханның ұлы Дайыр сұлтанның да хан болу құқығы болған. Себебі Қият Арманның «Барақ хан әулеті» шежірелік еңбегінде 1749 жылдың аяғында Түркістан өңірінде Әбілмәмбет хан, Есім хандармен бірге Барақ та хан болған деп көрсетеді [2;17]. Яғни Абылайдың хан болуы осы билеушілердің ұрпақтары алдында әкеден балаға берілетін мұрагерлік тәртіпті аттап өтуші болып табылған. Абылай хан Барақ ханның мұрагері орнына хандықты иеленіп алды деп Барақ ханның ұлы Дайыр сұлтан Сібір корпусының генерал-майоры Н.Г. Огаревке 1781 жылы 29 маусымда шағым жазады [3; 85].